

Жолаушыларды Ақтөбе қаласының қалалық қатынастарда автомобильмен тұрақты тасымалдауға сараланған тарифті белгілеу туралы

Ақтөбе облысы Ақтөбе қалалық әкімдігінің 2021 жылғы 14 мамырдағы № 2025 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 18 мамырда № 8295 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31, 37-баптарына, Қазақстан Республикасының "Автомобиль көлігі туралы" Заңының 19-бабына сәйкес, Ақтөбе қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ақтөбе қаласының аумағында жолаушылар мен багажды қалалық қатынастарда автомобильмен тұрақты тасымалдауға сараланатын тарифі белгіленсін:

Интернет желісі және ұялы байланыс құрылғыларын қоса алғанда, электрондық төлеу жүйесі арқылы жол ақысын қолма-қол ақшасыз төлеу кезінде – 80 (сексен) теңге, жол ақысын қолма-қол ақшамен төлеу кезінде – 150 (жүз елу) теңге.

2. "Ақтөбе қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін оны Ақтөбе қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақтөбе қаласы әкімінің орынбасары С. Лиге жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ақтөбе қаласының әкімі

А. Шахаров